АННОТАЦИЯ

Мақсатов Нұржан Ришатұлының «6D030100 - Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алуға «Азаматтық сот ісін жүргізуде мұрагерлік істерді қарау ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Бұл диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіндегі мұраға байланысты дауларды қарау ерекшеліктеріне кешенді талдау жасауға арналған. Тақырыптың өзектілігі мұрагерлік даулардың қазіргі қоғамдағы тиімді және әділ шешілуінің маңыздылығын анықтайтын бірқатар өзара байланысты факторлармен түсіндіріледі.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының сот практикасында мұрагерлік істердің санының тұрақты түрде өсуі байқалады. Бұл факт тікелей мүліктік қатынастардың дамуымен, халықтың құқықтық сауаттылығының артуымен және отбасылық байланыстардың күрделенуімен байланысты, бұл мұрагерлік даулардың туындау мүмкіндігін арттырады.

Екіншіден, мұрагерлік қатынастарды құқықтық реттеудің күрделілігі құқық қолданушылар үшін елеулі қиындық тудырады. Заң бойынша және өсиет бойынша мұрагерлікті, мұрагерлер шеңберін анықтауды, мұраны қабылдауды, мұралық мүлікті бөлуді, өсиеттерге шағымдануды реттейтін заңнамадағы коллизиялар мен олқылықтар мұрагерлік істерді қарау кезінде объективті қиындықтар туғызады және терең теориялық-құқықтық түсіндіруді қажет етеді.

Үшіншіден, мұрагерлік құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігі мұрагерлік дауларды шешу тетіктерін жетілдіруді талап етеді. Мұрагерлердің құқықтарын тиімді қорғау, оның ішінде мұрадағы міндетті үлеске құқығы бар тұлғалар, лайықсыз мұрагерлер, сондай-ақ мұра қалдырушының кредиторларының құқықтарын қорғау азаматтық айналымның тұрақтылығын қамтамасыз етудің және Қазақстан Республикасында заңдылықты нығайтудың маңызды бөлігі болып табылады.

Заң бойынша және өсиет бойынша мұрагерліктің теориялық аспектілерімен қатар, диссертациялық зерттеуде мұрагерлік дауларды қарау кезінде туындайтын практикалық мәселелерге ерекше назар аударылады. Мұрагерлер шеңберін анықтау, мұраны қабылдау фактісін белгілеу, мұралық мүлікті бөлу және өсиеттерге шағымдану мәселелері талданады. Мұрадағы міндетті үлеске, лайықсыз мұрагерлерге және өсиеттің жарамсыздығын тануға байланысты істер бойынша сот практикасына ерекше мән беріледі.

Диссертациялық зерттеудің объектісі – мұрагерлік дауларды қарау және шешу процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар.

Зерттеудің пәні – мұрагерлік дауларды шешу мәселелеріне байланысты қолданыстағы заңнама, ғылыми-практикалық және ғылыми-теориялық тұжырымдамалар, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесі.

Зерттеу мақсаты – соттармен мұрагерлік дауларды қараудың процессуалдық ерекшеліктері туралы кешенді ғылыми түсінік қалыптастыру.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

1) мұрагерлік дау ұғымын айқындау тәсілдерін қарастыру;

2) мұрагерлік дауларды шешу тәртібін құқықтық реттеу мәселелерін зерттеу;

3) мұрагерлік дауларды қарау кезіндегі құқық қолдану тәжірибесінің мәселелерін талдау;

4) қолданыстағы заңнаманы және оның қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері келесі ғылыми жаңалықтармен сипатталады:

1. Мұрагерлік даулардың құқықтық табиғаты туралы авторлық тұжырым ұсынылды, ол ғылыми әдебиетте бұрын ұсынылмаған өзіндік түсіндіруді қамтиды.

2. Мұрагерлік құқықтық қатынастардың ерекшеліктерімен айқындалатын және шешілуі кезінде ерекше тәсілді қажет ететін, азаматтық процестің жалпы қағидаларынан өзгеше нақты процессуалдық ерекшеліктер айқындалды және жүйеленіп, олардың мұрагерлік құқықтарды қорғау тиімділігіне әсері тұрғысынан негізделді. Бұл ерекшеліктер бұрын дербес зерттеу нысаны ретінде бөлінбеген болатын.

3. Сот практикасын талдау негізінде мұрагерлік саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірленді. Олар мұрагерлік құқықтарды іске асыруды қиындататын қайшылықтар мен олқылықтарды, түсінбеушіліктерді жоюға бағытталған. Ұсынылған өзгерістерде мұрагерлік құқық нормаларын біркелкі және әділ қолдануды қамтамасыз ету мақсатында нақтыланған тұжырымдар мен олардың қажеттілігін негіздейтін дәлелдер берілген.

Қорғалуға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Мұрагерлік даудың көпқырлылығы мен практикалық маңыздылығын ескере отырып анықтамасы:

Мұрагерлік даудың анықтамасы нақтыланып, оның кешенді сипаты мен салдарына назар аударылады:

«Мұрагерлік дау – бұл мұрагерлік мүлікке (немесе оның бір бөлігіне) құқықтарға қатысты ықтимал немесе нақты мұрагерлер (сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалар) арасында туындайтын, мұрагерлік құқық нормаларын, істің нақты мән-жайларын немесе өсиет қалдырушының еркін түрліше түсіндіруге негізделген, заңда белгіленген тәртіппен шешілуі тиіс және қатысушылар үшін құқықтық салдар туындататын, заңдық маңызы бар келіспеушілік». Бұл анықтама даудың құқықтық табиғатын, қатысушылар шеңберін, туындау негіздерін және ықтимал салдарын көрсетіп, мұрагерлік дауларды теорияда және практикада кешенді қарауға мүмкіндік береді.

2. Мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру мәселелерінде нотариустың өкілеттіктерін кеңейту арқылы сот жүктемесін оңтайландыру және мұрагерлік құқықтарды қорғаудың тиімділігін арттыру:

Мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру туралы мәселені нотариус сотқа дейінгі міндетті саты ретінде қарау құқығын заңмен бекіту ұсынылады. Егер нотариус қалпына келтіруден бас тартса, мұрагер сотқа жүгінуге құқылы. Бұл шара дау тудырмайтын істерді нотариат тәртібімен шешу арқылы соттарға түсетін жүктемені азайтып, мұрагерлердің құқықтарын неғұрлым жедел әрі білікті қорғауға ықпал етеді.

3. Мұраны қабылдау мерзімін өткізіп алу себептерінің «дәлелділігн» анықтау өлшемдерін жетілдіру арқылы мұрагерлік құқық нормаларын біркелкі қолдану мен адал мұрагерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету:

Азаматтық айналым тұрақтылығын сақтау және құқықты теріс пайдалануды болдырмау мақсатында нотариустардың нотариаттық әрекеттерді жасау қағидаларында (немесе басқа нормативтік актіде) мұраны қабылдау мерзімін өткізіп алудың дәлелді себептерінің үлгілік, бірақ түпкілікті емес тізбесін белгілеу ұсынылады. Мұнда заңды білмеу, уақытша денсаулық нашарлауы және нотариусқа уақтылы жүгінуге кедергі келтірмейтін өзге де мән-жайлар дәлелді себеп ретінде танылмайтыны көрсетілуі тиіс. Мерзімді қалпына келтіру тек объективті және құжатпен расталған кедергілер болған жағдайда қолданылатын ерекше шара ретінде қарастырылуы керек.

4. Өсиетті жарамсыз деп тану немесе мұрагерді мұрагерлікке лайықсыз деп тану істерінде қылмыстық-құқықтық элементтер болған жағдайда прокурордың қатысуын міндетті ету:

ҚР АПК 54 бабына өзгерістер енгізу ұсынылады. Олар өсиетті жарамсыз деп тану туралы істерде (ҚР АК 159-бабының 9-тармағында көзделген алдау, зорлық, қауіп төндіру және т.б. негіздер бойынша), сондай-ақ егер мұрагердің лайықсыз мінез-құлқының мән-жайлары заңды күшіне енген сот үкімімен анықталмаған жағдайда, оны мұрагерлікке лайықсыз деп тану туралы істерде прокурордың міндетті қатысуын көздейді. Бұл мұра қалдырушыға қатысты қылмыс жасалуы мүмкін жағдайларда істердің жан-жақты және объективті қаралуын, сондай-ақ барлық қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етеді.

5. Іште қалған, бірақ әлі тумаған мұрагер болған жағдайда мұра мүлкін бөлу істері бойынша өндірісті тоқтата тұру туралы АПК-дағы олқылықты жою:

ҚР АПК 272-бабын толықтырып, егер мұрагерлік мүлікті бөлу ісінде іште қалған, бірақ әлі тумаған мұрагер бар болса, оның туғанына немесе қайтыс болғанына дейін істі қарауды міндетті түрде тоқтата тұру тәртібін енгізу ұсынылады. Бұл болашақ мұрагердің құқықтарын қамтамасыз етуге және мұра мүлкінің әділетсіз бөлінуінің алдын алуға мүмкіндік береді.

6. Мұрагерлік құқық шеңберінде шаруашылық серіктестіктегі қатысу үлесін беру мәселесін құқықтық реттеуді жетілдіру: Мұрагерлік тәртіппен шаруашылық серіктестіктегі қатысу үлесінің берілуіне қатысты қолданыстағы заңнаманы талдау арқылы азаматтық және корпоративтік құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды айқындап, жою

ұсынылады. Атап айтқанда, мұрагердің серіктестік құрамына кіру мәселесін шешу кезінде мұрагерлер мен серіктестік қатысушыларының мүдделерін ескеретін тетік әзірлеу, сондай-ақ егер кіруден бас тартылса, мұрагерге үлестің нақты құнын төлеу тәртібін белгілеу қажет. Бұл өзгерістер барлық мүдделі тараптардың мүдделер теңгерімін қамтамасыз етуге және шаруашылық серіктестіктегі үлесті мұрагерлікке беру кезінде даулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Жұмыста тұжырымдалған теориялық қағидалар қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша келесі жалпы ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік берді:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы №5 «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысына 1-1-тармақты келесі редакцияда енгізу ұсынылады: *«Мұрагерлік дау – бұл мұрагерлік мүлікке (немесе оның бір бөлігіне) құқықтарға қатысты ықтимал немесе нақты мұрагерлер (сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалар) арасында туындайтын, мұрагерлік құқық нормаларын, істің нақты мән-жайларын немесе өсиет қалдырушының еркін түрліше түсіндіруге негізделген, заңда белгіленген тәртіппен шешілуі тиіс және қатысушылар үшін құқықтық салдар туындататын, заңдық маңызы бар келіспеушілік».*

2. ҚР Азаматтық кодексінің 1072-3-бабын келесі редакцияда өзгерту ұсынылады: 1072-3-бап. «*Мұраны қабылдаудың белгіленген мерзімі өткеннен кейін қабылдау, мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді өткізіп алған мұрагер мұра ашылған жердегі нотариусқа өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Нотариус өтінішті барлық мұрагерлердің жазбаша келісімі болған жағдайда қарайды. Мұндай келісімге қол қойған мұрагерлердің қолдары нотариат куәландыруынан өтуі тиіс. Егер мұраны қабылдаған барлық мұрагерлердің келісімі болмаса немесе нотариус өткізіп алған мерзімді қалпына келтіруден бас тартса, мұрагер мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы. Мұрагер мұраны қабылдаған деп танылған жағдайда, сот барлық мұрагерлердің мұра мүлкіндегі үлестерін айқындайды және қажет болған жағдайда жаңа мұрагердің өзіне тиесілі мұра үлесін алу құқықтарын қорғау шараларын белгілейді. Бұған дейін берілген мұрагерлік құқық туралы куәліктер сотпен жарамсыз деп танылады*».

3. «Нотариат туралы» ҚР Заңының 34-бабына 22) тармақшаны енгізіп, оны келесі редакцияда ұсыну ұсынылады:

34-бап. Нотариустар жасайтын нотариаттық әрекеттер:

Нотариус келесі нотариаттық әрекеттерді орындайды:

22) мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіреді.

4. Нотариустардың нотариаттық әрекеттерді жасау қағидаларында мұраны қабылдау мерзімін өткізіп алудың дәлелді себептері ретінде танылуы мүмкін жағдайлар тізбесін белгілеу ұсынылады, мысалы:

– тиісті медициналық құжаттармен расталған мұрагердің ауыр сырқаты;

– мұрагердің заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылуы;

– құжатпен расталған (мысалы, іссапар куәлігімен) ұзақ іссапарда болуы;

– мұра ашылғаны туралы мұрагердің объективті себептермен білмеуі (мысалы, мұра қалдырушымен байланыс болмауы, шалғай өңірде тұруы);

– өкілдің тарапынан кеткен, мұрагердің кінәсі жоқ, өкілеттіктері тиісті түрде расталған өкілдің қателіктері немесе жіберген олқылықтары.

Бұл тізбе түпкілікті емес екенін және нотариустардың объективті түрде мұраны уақтылы қабылдауға кедергі келтірген басқа да себептерді дәлелді деп тануға құқылы екенін атап өту қажет. Бұл ретте дәлелді себептерді дәлелдеу ауыртпалығы мұрагерге жүктеледі.

5. ҚР АПК 54-бабының 2-бөлігін келесі редакцияда ұсыну ұсынылады:

«2. *Прокурор осы Кодексте көзделген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іске қорытынды беру үшін қатыса алады. Мемлекеттің мүдделеріне қатысты, қоғамдық мүдделерді немесе өздерін өз бетінше қорғай алмайтын азаматтардың мүдделерін қорғау қажет болған жағдайларда, сондай-ақ ҚР АК 159-бабының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша өсиетті жарамсыз деп тану туралы істерде және мұрагердің лайықсыз мінез-құлқы заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленбеген жағдайларда мұрагерді мұрагерлікке лайықсыз деп тану туралы істерде прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы міндетті, сондай-ақ прокурордың қатысуы сотпен қажетті деп танылған к*езде».

6. ҚР Азаматтық процестік кодексінің 272-бабының 1-бөлігін

9) тармақшамен толықтыру ұсынылады: 272-бап. «Іс жүргізуді тоқтата тұру жөніндегі соттың міндеті»

1. Сот іс жүргізуді келесі жағдайларда міндетті түрде тоқтата тұрады:

9) *мұраны бөлу істері бойынша іште қалған, бірақ әлі тумаған мұрагердің бар екені анықталған жағдайда – оның туғанына дейін.*

Зерттеу нәтижелерін апробациясы:

Зерттеу нәтижелері 17 ғылыми жарияланымда көрініс тапты.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі зерттеу мақсаттары мен міндеттерімен анықталады және оның логикасын бейнелейді. Жұмыс кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

Кіріспеде тақырыптың таңдалуы, оның өзектілігі негізделіп, зерттеу мақсаты, ғылыми жаңалығы мен әдіснамалық негізі айқындалады, қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер тұжырымдалады.

Негізгі бөлім зерттеу нәтижелерін қамтиды және үш тараудан тұрады. Қорытындыда зерттеу тақырыбы бойынша негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар берілген. Диссертациялық жұмыстың соңында пайдаланылған дереккөздер тізімі келтірілген.